

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N А-242 бұйрығына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің төрағасы 2000 жылғы 6 қыркүйек N 02-1-7/121 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 14 қазан N 1266 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет Істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2009 жылғы 21 қазандағы N 02-01-02/185 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет Істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2009.10.21 N 02-01-02/185 бұйрығымен.

Әкімшілік мемлекеттік лауазымдардың санаттарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарын жетілдіру және азаматтардың мемлекеттік қызметке теңдей келу конституциялық құқығын іске асыру үшін мүмкіндіктерді кеңейту мақсатында

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы "Мемлекеттік әкімшілік лауазымдардың санаттарына үлгілік біліктілік талаптары" N А-242 V991029_ бұйрығына төмендегі толықтырулар мен өзгертулер енгізілсін:

1) А, D, E санаттарының тобына жатқызылып, аталған бұйрықпен бекітілген Әкімшілік мемлекеттік лауазымдар санаттарына қойылған үлгілік біліктілік талаптарына :

4 тармақтың 1) - 5) тармақшаларының екінші абзацтары "Қазақстан Республикасы Конституциясы К951000_ " сөзінен кейін "Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлім) К941000_ " сөзімен толықтырылсын ;

2) В санаттарының тобына жатқызылып, аталған бұйрықпен бекітілген Әкімшілік мемлекеттік лауазымдар санаттарына қойылған үлгілік біліктілік талаптарына :

4 тармақтың 1) - 4) тармақшаларының екінші абзацтары "Қазақстан Республикасы Конституциясы К951000_ " сөзінен кейін "Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлім) К941000_ " сөзімен толықтырылсын ;

3) С санаттарының тобына жатқызылып, аталған бұйрықпен бекітілген Әкімшілік мемлекеттік лауазымдар санаттарына қойылған үлгілік біліктілік

т а л а п т а р ы н а :

4 тармақтың 1) - 8) тармақшаларының екінші абзацтары "Қазақстан Республикасы Конституциясы К951000_ " сөзінен кейін "Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлім) К941000_ " сөзімен толықтырылсын ;

4) В санатының тобына жатқызылып, аталған бұйрықпен бекітілген Әкімшілік мемлекеттік лауазымдар санаттарына қойылған үлгілік біліктілік т а л а п т а р ы н а :

4 т а р м а қ т а :

2-ші) тармақтың бірінші сөйлемі "В-3" сөзінен кейін "В-4" сөзімен толықтырылсын ;

3-ші) тармақшаның бірінші сөйлеміндегі "В-4" сөзі "В-5" сөзімен алмастырылсын ;

4-ші) тармақшаның бірінші сөйлеміндегі "В-5" сөзі алынып тасталсын, "В-6" сөзінен кейін "В-7" сөзімен толықтырылсын ;

5) С санатының тобына жатқызылып, аталған бұйрықпен бекітілген Әкімшілік мемлекеттік лауазымдар санаттарына қойылған үлгілік біліктілік т а л а п т а р ы н а :

4 т а р м а қ т а :

7-ші) тармақшаның бірінші абзацында "С-10" сөзінен кейін "С-11" сөзімен толықтырылсын, "үш жыл" сөзі "бір жыл" сөзімен алмастырылсын ;

8-ші) тармақшаның бірінші сөйлеміндегі "С-11" сөзі алынып тасталсын, "С-12" сөзінен кейін "С-13" сөзімен толықтырылсын ;

8-ші) тармақшаның бірінші абзацындағы "мемлекеттік қызмет стажы бір жылдан кем болмаған кезде немесе аталмыш санаттың нақты лауазымының функциональдық бағыттарына сәйкес салаларда бір жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі болса" сөздері алынып тасталсын ;

б) D санатының тобына жатқызылып, аталған бұйрықпен бекітілген Әкімшілік мемлекеттік лауазымдар санаттарына қойылған үлгілік біліктілік т а л а п т а р ы н а :

4 т а р м а қ т а :

4-ші) тармақшаның бірінші сөйлеміндегі "үш жыл" сөзі "бір жыл" сөзімен алмастырылсын ;

5-ші) тармақшаның бірінші сөйлемі төмендегі редакцияда жазылсын: "D-6, D-7 санаттары үшін: жоғары кәсіби білім. Біліктілігін көтерген жағдайда орта кәсіби біліммен жіберіледі";

төмендегі мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) D-8 санаты үшін: білімі - біліктілігін көтерген жағдайда орта кәсіби. Біліктілігін көтерген жағдайда орта біліммен де жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Конституциясын К951000_ , Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексін (Жалпы бөлім) К941000_ , "Мемлекеттік қызмет туралы" Z990453_ , "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Z980267_ Заңдарын, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиялық К972030_ дамуын білу .

Аталмыш санаттардың лауазымдары бойынша функциональдық міндеттерді атқару үшін қажетті өзге де міндетті білімдер."

7) Е санатының тобына жатқызылып, аталған бұйрықпен бекітілген Әкімшілік мемлекеттік лауазымдар санаттарына қойылған үлгілік біліктілік талаптарына :

4 тармақта :

2-ші) тармақшаның бірінші сөйлемі "Е-3" сөзінен кейін "Е-4" сөзімен толықтырылсын ;

3-ші) тармақша күші жойылған деп танылсын;

4-ші) тармақшаның бірінші абзацындағы "Е-5" сөзінен кейін "Е-6" сөзімен толықтырылсын, "үш жыл" сөзі "екі жыл" сөзімен алмастырылсын;

5-ші тармақшаның бірінші абзацындағы "Е-6" және "және біліктілігін көтерген жағдайда" сөздері алынып тасталсын;

тармақ төмендегі мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын: "5-1) Е-8, Е-9 санаттары үшін: білімі - жоғары кәсіби. Біліктілігін көтерген жағдайда орта кәсіби біліммен жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Конституциясын К951000_ , Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексін (Жалпы бөлім) К941000_ , "Мемлекеттік қызмет туралы" Z990453_ , "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Z980267_ Заңдарын, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиялық К972030_ дамуын білу. Аталмыш санаттардың лауазымдары бойынша функциональдық міндеттерін орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім."; 2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді. Төраға Оқығандар: Багарова Ж.А. Икебаева А.Ж.